

де, оның ішінде азаматтық іс жүргізу үшін де өзіндік ерекше маңызға ие, күрделі құқықтық институт болып табылады. Азаматтық істердің соттылығы түсінігін дұрыс анықтаудың азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымы үшін де, сот тәжірибесі үшін де маңызы зор. Өйткені, тұлғаның заңмен қорғалатын мүдделері мен бостандықтарын, құқықтарын тиісінше қорғау нақты азаматтық іс қаралатын және шешілетін сотты дұрыс анықтауға байланысты. Азаматтық іс жүргізу құқығында соттылық институтының түсінігін алдымен теориялық тұрғыдан анықтағаннан кейін ғана оның тәжірибедегі маңызын, оны қолдану ережесін түсінуге болады.

Азаматтық істердің соттылығы түсінігін еліміздің және шетел ғалымдары зерттеген, атап айтсақ, З.Х.Баймолдина, Ю.К.Осипов, Е.В.Кузнецова, Н.И.Авдеенко, А.А.Власов, В.Ф.Тараненко, У.К.Ихсанов, Т.П.Ерохина, Е.Е.Уксусова, М.А.Митина, А.Ж.Қасенова т.б. Ал, Қазақстан Республикасында азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында азаматтық істердің соттылығы мәселесінің әр түрлі теориялық және тәжірибелік аспектілерін қарастырып, алғаш рет толық, жан-жақты монографиялық зерттеуді жасап, жеке ғылыми жұмыс ретінде кешенді зерттеген Э.Дүйсенова. Ол заң әдебиеттерінде жасалған талдау соттылық жөнінде ортақ түсініктің, бірыңғай анықтаманың қалыптаспағанын көрсете отырып, азаматтық істердің соттылығы түсінігі жөнінде ғалымдардың айтқан әр түрлі ойларын талдап, заң әдебиеттерінде неғұрлым жиі қолданылатын төрт түрлі пікірді бөліп көрсетті [2,246]. Бірінші пікірдегілер, соттылықты бірінші саты сотының сотқа ведомстволық бағынысты азаматтық істерді қарау мен шешу жөніндегі құзыретін айтады. Екінші пікірдегілер, соттылықты соттарға ведомстволық бағынысты істің белгілі бір соттың қарауына жатқызады. Үшінші пікірдегілер, соттылықты сот органдарына ведомстволық бағынысты азаматтық істерді сот жүйесінің түрлі соттарының арасында бөлу деп қарастырады. Төртінші пікірдегілер, соттылық құқық институты, яғни азаматтық істі бірінші саты ретінде қарау үшін соттарға ведомстволық бағынысты істердің сот жүйесінің нақты сотының қарауына жатқызылуын реттейтін заңи институт ретінде түсіндіреді. Отандық және шетел құқық әдебиеттерінде жасалған талдау азаматтық істердің соттылығы ұғымы жөнінде бірыңғай түсініктің жоқ екендігін көрсете отырып, өзінің пікірін ұсынды. Э.Дүйсенованың пікірінше, азаматтық істердің соттылығы түсінігін екі мағынада: объективтік және субъективтік мағынада қарастыру керектігін айтады. Объективтік мағынада - соттарға ведомстволық бағынысты барлық азаматтардың істердің ішінен нақты соттың қарауына жатқызылған істердің белгілі бір шеңберін айтады. Субъективтік мағынада екі тұрғыдан қарастырған. Біріншісінде - бірінші саты соты ретінде азаматтық істі мәні бойынша қарау және шешу жөнінде соттың құқықтары мен міндеттерінің шеңбері, құзыреті ретінде, екіншісінде - тараптардың нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген соттылық ережелеріне және соттың соттылықты анықтау жөніндегі қызметіне бағынуы ретінде түсіндіреді. Соттылық бірінші аталған мағынасында көбінесе материалдық құқық нормаларымен, екінші жағдайда азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларымен белгіленгені айтылады. Мұндай пікірмен келісуге болады, өйткені бұл азаматтық істердің соттылығының мәнін толық ашады. Біздің еліміздің заңдарында оның ішінде, ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінде «соттылық» ұғымына нақты анықтама берілмеген. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 3-тарауы «Ведомстволық бағыныстылық және соттылық» деп аталынады. Мұнда аты атап тұрғандай, соттылықты сабақтас ұғым ведомстволық бағыныстылықпен қатар беріп, өзара байланысы көрсетілген. Осы кодекстің 24-бабы азаматтық істердің соттарға ведомстволық бағыныстылығына, 25-бабы дауларды аралық соттың шешуіне беруіне, 26-бабы сотқа ведомстволық бағыныстылықтың басымдығына арналған [3]. Тек осы үш бап ведомстволық бағыныстылыққа арналған, ал қалған сегіз бап азаматтық істер соттылығы мәселелерін қарастырған. Э.Дүйсенова соттылық пен ведомстволық бағыныстылықтың бір тарауға біріктіруін олардың өзара байланыстылығымен түсіндіреді, яғни ведомстволық бағыныстылық азаматтардың заңмен белгіленген құқықтары мен бостандықтарын, мүдделерін қорғау үшін жолдануға болатын юрисдикциялық органдарды анықтауға бағытталса, соттылық ведомстволық бағыныстылық арқылы анықталған нақты соттың нақты істі қарау және шешу жөніндегі өкілеттілігін анықтауға бағытталған. Сонымен қатар, бірнеше айырмашылықтарын да көрсетті. Мысалы, ведомстволық бағыныстылық юрисдикциялық органдардың юрисдикциясының тұтастай шегін анықтайды, ал соттылық нақты соттың істі мәні бойынша қарау және шешу жөніндегі юрисдикциясын белгілеу үшін қолданылады; сотқа істің ведомстволық бағыныстылығы талап қою құқығының алғышарттарының бірі, ал осы сотқа істің соттылығы талап қою құқығын іске асыру шарттарының бірі болып табылады; ведомстволық бағыныстылық институтының көмегімен сот және өзге юрисдикциялық органдар арасында істерді қарау және шешу жөніндегі функциялар бөлінеді, ал соттылықтың көмегімен нақты әрбір соттың төрелікті жүзеге асыру жөніндегі қызметі ажыратылады [2,536]. Ал, Ү.Нұрмашевтің пікірінше, әр түрлі мемлекеттік органдар мен соттар арасындағы заңды істерді шешуге өкілеттіктерді шектеуге көмектесетін ведомстволық бағыныстылыққа қарағанда соттылық Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі тек түрлі соттар арасындағы шектеуді болжайды [4]. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінде 28,29 баптар 2009 жылы 10 желтоқсандағы № 227-IV заңымен алынып тасталынған. Осыдан көретініміз, соттылықтың нормативтік құқықтық негізін құрайтын басты нормативтік құқықтық акт – ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінде соттылықтың нақты түсінігін беретін баптың болмауы аса маңызды мәселе деп айтуға болады. Өйткені, «соттылық» түсінігінің жеткілікті жетілдірілмегендігі – бұл мәні бойынша қаралатын, шешілетін азаматтық істі қате анықтаудың себептерінің бірі деп айтуға болады. Бұл өз кезегінде сот төрелігіне әділ

де нақты қол жеткізуді шектейді. Сондай-ақ, кодексте осы тараудың 27, 30, 32, 36 баптарында «соттауы», «соттауына» деген сөздерді «соттылығына» деп өзгерту керек. Өйткені, «соттау» қылмыстық іс жүргізу құқығына тән болып табылады.

Жалпы айтсақ, азаматтық іс жүргізу құқығындағы соттылық институтының нормативтік құқықтық негізін ҚР Конституциясы, ҚР АІЖК, «ҚР Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» ҚР Заңы, ҚР Жоғарғы Сотының, Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары және т.б. нормативтік актілер құрайды.

Азаматтық істер бойынша сот төрелігінің басты әлеуметтік міндеті адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін соттық қорғау болып табылады. Ал, соттылық институтының міндеті азаматтық істерді тез және дұрыс қарап шешу, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін тиімді қорғау үшін соттар арасында азаматтық істерді қарап, шешу өкілеттілігін дұрыс ажырату болып табылады.

Азаматтық істі қозғау жөніндегі мәселені шешетін судьяның алдында тұрған басты сұрақтардың бірі – соттылық, яғни соттың осы істі қарау және шешу жөніндегі құзыретке ие екендігін анықтау жөніндегі мәселе. Алайда, сот төрелігін соттар ғана жүзеге асырғанымен олар соттылықты өз еріктерімен әрі сотқа жолданушы тараптардың келісімінсіз өзгерте алмайды.

Қазақстан Республикасының сот жүйесіне енетін соттардың әрқайсысы оның соттылығына жататын істерді ғана қарауға және шешуге құқылы. Азаматтық істердің соттылығын дәл нақты белгілеудің қажетті шарттарының бірі сот жүйесін дұрыс айқындау болып табылады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын жергілікті және басқа да соттар құрайды. Жергілікті соттардың қатарына облыстық және оларға теңестірілген (Астана және Алматы қалаларының қалалық соттары), сондай-ақ аудандық және оған теңестірілген (қалалық, ауданаралық сот) соттар жатады. Қазақстан Республикасында басқа соттар, оның ішінде мамандандырылған (әскери, қаржылық, экономикалық, әкімшілік, кәметке толмағандардың істері жөніндегі және басқа да) соттар құрылуы мүмкін [5]. Олар сот жүйесінің құрамды бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының сот жүйесіне енетін соттардың әрқайсысы оның соттылығына жататын істерді ғана қарауы керек, яғни соттылық деп белгілі бір соттың қарауына жататын істерді айтуға болады. Әрине, соттылыққа қатысты түсініктер әр авторда әр түрлі болғанымен, олардың әрбірінің өз мән-мағынасы, ерекшелігі, өзіне тән сипаты болады. Дегенмен, соттылықты дұрыс белгілеу, жалпы әділ сот төрелігіне жету үшін істердің ерекшелігін, қиындығын, қоғамдық маңыздылығын ескере отырып, Конституциядан бастау алатын іс жүргізу заңнамасында оның нақты түсінігін беретін норманың болуы қажет деп санаймын.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. Ғылыми-практикалық түсіндірме. -Алматы: Раритет, 2010.-400 б.
2. Дүйсенова Э. «Азаматтық істердің соттылығы: теориялық және практикалық аспектілері» заң ғылымдарының кандидаттық диссертациясы. -Астана, 2008 ж. 24 б. -157 б.
3. ҚР-ның 13 шілде 1999 жылғы №411-І Азаматтық іс жүргізу кодексі. -Алматы: Юрист, 2011. -128 б.
4. Нұрмашев Ү., Нұрмашева Ф. «ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы»: оқу құралы. -Алматы: Юрист, 2009.-400 б.
5. «ҚР-ның сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Заңы. -Алматы: Юрист, 2009. -24 б.

Редакцияға 10.02.2011 қабылданды.

## Ж.Ж. ҚАШҚЫНБАЕВ

### ОҢТҮСТІК АЗИЯДАҒЫ ҚАЗІРГІ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

*This article under consideration is devoted to Contemporary Security problems in Southern Asia, the case of India and Pakistan.*

Кез келген мемлекеттің әлемдік саяси иерархиядағы орны бірнеше факторларға тәуелді: тарихи, өркениетті-мәдени, геостратегиялық, әлеуметтік және экономикалық. Соңғы факторды дәл есептеуге болады, бұл жағдай жеке елдердің сәйкесінше сипаттамаларын салыстыруға мүмкіндік береді. 90-жылдардың басында КСРО жалпы ішкі өнім көлемі бойынша АҚШ пен Жапониядан кейін үшінші орында болған. 90-жылдардың ортасына қарай бұл қатынас түбегейлі өзгерді, алғашқы төрттіктің қатарына АҚШ, Қытай, Жапония мен Германия енді, ал бесінші орынға Үндістан шықты. Жалпы әлемдегі күштер қатынасы соңғы он жылдықта Батыстың дамыған мемлекеттеріне қарағанда өсімнің жоғары қарқынын көрсеткен Азия елдерінің пайдасына өзгерді. Жалпы Азия мемлекеттеріне, жеке алғанда Оңтүстік Азия елдеріне деген қазіргі таңдағы ғылыми және тәжірибелік қызығушылық та осы жағдаймен түсіндіріледі.

Әлемдегі өзгерістер қырғи-қабақ соғысы уақытынан қалып қойған көпсанды шиеленістер мен мәселелер төңірегінде жүріп жатыр. Оңтүстік Азиялық субконтинент мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей бұл шиеленістерді шешу тез әрі оңай емес. Оңтүстік Азия аймағы 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі Нью-Йорктағы қайғылы оқиғалардан кейін әлем назарын өзіне тағы аударды. Бұл актілерге Ауғанстан мен Пәкістанның қатысы бар деген айып тағылды. Айып таққан Ауғанстанды бомбалаған АҚШ-тың өзі. Алайда бұған дейін де АҚШ, Жапония және батыстың өзге державалары Үндістан мен Пәкістанға қарсы экономикалық санкциялар енгізетіндігін жариялаған болатын. Халықаралық саяси және қоғамдық орталар екі ел арасындағы ядролық шиеленіс перспективалары жөнінде уайымдап, бұл мемлекеттерді өздерінің зымыран-ядролық әлеуетін одан әрі жетілдіруден бас тартуға шақырды.

Бұл жұмыста қарастырылатын мәселенің өзектілігі Оңтүстік Азиядағы қауіпсіздік мәселелерінің шешілмеуі мен аймақтағы қарулану жарысының жалғасуында жатыр. Соңғысының Оңтүстік Азиялық аймақтың екі ең ірі державалары Үндістан мен Пәкістанның аймақтық сыртқы саясатына этносаяси шиеленісті потенциалы әсер етеді. Аймақ елдер мен одан тыс мемлекеттер бақылаушылары мен сарапшылары Оңтүстік Азияның болашағы, оның халықаралық өзара әрекет ету жүйесіндегі орны, жергілікті және аймақтық қауіпсіздік үшін аймақта орын алып жатқан оқиғалардан келер қауіпті әр түрлі бағалауда. Корей түбегімен қатар Оңтүстік Азия да ең қауіпті ареалдар қатарына жатады, жақын перспективада мұнда ядролық шиеленіс туындау қаупі бар деген пікір де айтылды.

Аймақтағы ахуалға өзге көзқарас бойынша, Үндістан мен Пәкістан арасында, яғни аймақтық келіспеушіліктердің негізгі осі бойынша әскери-стратегиялық және саяси-психологиялық тепе-теңдікке қол жеткізілді. Бұл аса қауіпті шиеленістің туындау қаупін азайтып, ынтымақтастық пен өзара әрекет зонасын кеңейтуге жағдай жасамақ. Екі көзқарас та арнайы сараптамалық әдебиеттер мен бұқаралық ақпарат көздерінде көрініс тапқан. Оңтүстік Азиядағы оқиғалар қалай дамиды дегені әлемдік қауымдастыққа бәрібір емес. Өйткені олар тек аймақтық емес, аймақтан тыс, ғаламдық қауіпсіздікке де әсер етпек. Оңтүстік Азиядағы геосаяси жағдайдың даму мәселесінің бүгінгі таңда саяси, тәжірибелік және ғылыми-сараптамалық мәні зор.

Оңтүстік Азия аймағындағы аймақтық ынтымақтастық жалпы тұрғыда қарама қарсылықпен де, сенім шараларын орнатумен де сипатталады. Оңтүстік Азия мемлекеттерінің моғол және британдық билік кезінде тауар, енбек пен капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз еткен бірегей экономикалық зонасы болды. Әлі күнге дейін ұйымдасушылық тұрғысында көптеген ортақтықтар сақталуда. Бұл Оңтүстік Азиядағы аймақтық интеграция әлеуетін тезірек пайдалануға мол мүмкіндік береді. Оңтүстік Азиялық аймақта аймақтық мемлекеттер арасындағы қатаң қарама-қайшылық, халықаралық және аймақтық ұйымдардың белсенді ролі, сауда мен экономикадағы ынтымақтастық, мүдделердің әлеуметтануы мен шиеленісі тоғысқан.

#### 1. Пәкістан – Үндістан қатынасындағы кашмир дауы

Үндістанның ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Джавархарлал Неру 1949 жылы көршілес елдердің сыртқы саясаттағы маңызын саралай келе, ортақ шекарасы бар елдің ішінде Пәкістанды бірінші орынға қояды. Одан кейін Қытай, Непал, Бирма және басқада мемлекеттер аталған. Ал Үндістан-Пәкістан қарым-қатынасындағы басты проблема-Кашмир дауы.

Үнді субқұрлығының солтүстігінен орын тепкен Кашмир батысында-Пәкістанмен, солтүстігінде-Ауғанстанмен, шығысында-Қытай Халық Республикасының Тибет және Шыңжаң Ұйғыр автономияларымен, оңтүстігінде-Үндістанмен шектеседі. Үндістан, Қытай және Орталық Азияны байланыстырып жатқан сауда жолында орналасқан Кашмир жеріне көршілес жатқан елдер қашанда үстемдік етуге ұмтылып келді. Табиғаты әсем, стратегиялық маңызы зор бұл аймақ б.з.д III ғасырда Маурилер мемлекетінің құрамына еніп, оның билеушісі Ашока кезінде бұл жерлерде буддизм діні қанат жаяды. Одан кейінгі бірнеше жүз жылдықта Кашмир территориясында феодалдық бытыраңқылық орын алды. XIV ғасырдың орта тұсында Кашмирге Ислам діні тарала бастады. Бұл кезде аймақ 1587 жылы Акбар билігі кезіндегі Ұлы Моңғол державасының құрамына кіреді. Империя ыдыраған соң Кашмир Ауғанстандық патандардың билігіне көшеді (1752-1819 жылдар аралығы). 1819 жылы Пенджабтың Раджа Сингхтердің көсемі Раджит Сингх догр мемлекетін басып алып, Кашмирде билік жүргізеді. Ағылшындармен болған алғашқы соғыста сикхтер жеңілісі кезінде догр тайпасының көсемі Гуляб Сингх Ұлыбритания өкіметінен 1,5 млн. рупий төлеп Кашмирді өзінің басқаруына алады. Үндістанда ағылшындардың билігі тайғанға дейін Кашмир княздығын үнді-догр махараджшары биледі. XIX ғасырдың 90 жылдары Орталық Азия аймағына ықпал ету үшін Ұлыбритания Қытай және Ресей арасында күрес күшейеді. Осындай жағдайда Шыңжаң және Кашмир аудандарының маңызы артады. Ал Кашмир дауы Ұлыбританияның отары Үндістанды екіге бөлген кезде пайда болды.

Кеңес тарихнамасында ағылшын өкіметі Үндістанды екіге бөлу арқылы аймақтағы үстемдігін сақтап қалғысы келді деген пікір қалыптасқан. Ол бойынша Кашмир дауы «бөліп ал да, билей бер» ұранын ұстанған ағылшын өкіметінің отарлық саясатынан туындаған дегенге саяды [1, 135].

Мұхаммед Әли Джинна бастаған Мұсылмандар Лигасы ағылшындардың билігіне қарсы Үндістан Ұлттық Конгресімен бірге күш біріктіргенімен үнділіктерден бөлек мұсылман мемлекетін құруға бағыт

ұстанды. 1986 жылы Зия уль Хак Үкіметінің ақпарат министрлігі асып шығарған «Пәкістан: Ислам үндеуі» кітабында Пәкістанның тәуелсіздік күресі ислам қозғалысы ретінде сипатталады [2, 37].

Кітапта мұсылмандардың соңғы 200 жыл бойы ағылшындар мен үндістердің қыспағында қалғандығын, ислам қағидаларына негізделген жаңа мемлекет құруға Мұхаммед Әли жол ашқандығы жазылған. Үнділіктер мен мұсылмандардың арасы алшақтаған сайын қақтығыс қауіпі де өсе түсті. Осындай жағдайда Ұлыбритания Үндістаннан бас тартпастан бұрын субқұрлықты Үндістан Ұлттық Конгресі мен Мұсылмандар Лигасы арасында бөлу қажет екендігін түсінеді. Олай болмаған жағдайда Үнді түбегі мұсылмандар мен үнділіктердің жанжалы аймағына айналуы мүмкін еді. Бұл Ұлыбританияның аймақтағы, жалпы әлемдегі беделіне нұқсан келтіретін. Ұлыбритания парламенті бекіткен Үндістанның тәуелсіздігі туралы заң және 1947 жылы 3 маусымда қабылданған «Маунбеттон жоспары» бойынша отар елді екіге бөлуде тұрғындардың діни сенімі негізге алында. Үнділіктер басым аудандар Үндістан құрамына, мұсылмандары басым территорияда жаңа Пәкістан мемлекеті құрылуы тиіс болды. Ал Ұлыбритания Үндістанның құрамдас бөлігі емес Үнді түбегіндегі 562 княздыққа осы екі мемлекеттің біріне кіру немесе тәуелсіздік жолын таңдау еркіндігі берілді. Үш княздық тәуелсіздік жолын таңдайды: Граваннор, Хайдарабад және Кашмир,. Алдыңғы екеуі кейін Үндістан құрамына енеді де Кашмир княздығы жанжал ошағына айналады.

Екінші мәселе ағылшын өкіметінің Үндістанды екіге бөлу саясатына байланысты. Біріншіден, Үнді субқұрлығында 281 тілде және диалектіде сөйлейтін бірнеше жүздеген этнос тұрады. Екіншіден, Үнді субқұрлығында индуизм, ислам, буддизм және басқа да діндегі халықтарбір-бірімен арласа, біте-қайнаса орналасқан. Сонымен қатар, діндердің арасында белгіленген шекара болмайды. Оның үстіне бұл жерде халықтың орналасу тығыздығы жоғары. Сондықтан, үнділіктер мен мұсылмандарды екі мемлекетке топтастырғанда даулы жерлердің пайда болуы заңдылық, Дәл осындай жағдай Кашмирде қалыптасты. Жамму және Кашмир территориясын мекендеген халықтар діни сенімі және ұлттық-этникалық айырмашылығы жағынан төрт ауданға бөлінеді: Кашмир, Жамму, Ладах және Солтүстік территория. Кашмир тұрғындардың басым бөлігі урду, кашмири және гуджри тілдерінде сөйлейді. Аймақтың Үндістанға қарасты бөлігінде тұратындардың 92 пайызы, Пәкістан бөлігі – Азад Кашмир тұрғындарының 99 пайызға жуығы мұсылмандар. Жамму ауданын мекендегендердің 60 пайызға жуығы үнділіктер, 40 пайызға жуығы мұсылмандар және 3 пайыздайын сикхтер құрайды. Сикхтер – пенджабтардан тарайтын этникалық діни қауым. Кашмир және Жамму территориясының үшінші бөлігіне таулы Ладах ауданы жатады. Аймақты батыс тибет тілінің диалектінде сөйлейтін ладах (75 мыңдай) халқы мекендейді. Мұндағы тұрғындардың 54 пайызға жуығы буддизм дінінің ламаилық бағытын ұстанады. Ал қалған бөлігі мұсылмандар. Ең соңғысы – солтүстік территориялар. Оның өзі Гилгит, Балтистан және Диамер аудандарынан тұрады. Тұрғындарының 90 пайызы мұсылмандар қалғандары буддизм дініндегілер. Жоғарыда көрсетілген Кашмир және Жамму аймағының төрт ауданы Пәкістан, Үндістан және Қытай (таулы Ладах территориялық облысының бір бөлігі Қытайға қарайды) мемлекеттерінің территориясында орналасқан. Сондықтан, кашмир дауы тек екі елдің – Пәкістан мен Үндістанның арасында емес, сонымен қатар, оған белгілі – бір мөлшерде Қытайдың да қатысы бар. 1947 жылы қазанда кішкентай Пунч территориясындағы бүлікті пайдаланған Пәкістан Кашмирге өз әскерлерін енгізеді. Пәкістанның құрамына енуі қаламаған Кашмир махараджасы Үндістан үкіметінен көмек сұрайды. Дели Кашмирдің Үндістан құрамына ресми түрде енгенде ғана көмек көрсететіндігін мәлімдейді. Кашмир Махараджасы Үндістанның талабын орындағаннан кейін Сринигараға үнді әскерлері енгізілді. Осылайша Кашмир жерінде екі ел әскерлерінің қақтығысы орын алды. Бұл кезде Пәкістан аймақтың біраз бөлігіне бақылау орнатып үлгерген болатын. 1947 жылы Үндістан Кашмир жөнінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіне мәселе қояды. 1949 жылы Әлемдік қауымдастықтың араласуымен екі ел арасындағы қақтығыс тоқтатылып, Кашмирде халықтың қалауы бойынша сайлау өткізілуін талап етеді. Шекара сызығы жүргізіліп, Кашмир территориясы Пәкістан мен Үндістан арасында екіге бөлінді. Сайлау аймақтың үнді бөлігінде 1954 жылы өткізіліп, Үндістан Үкіметі Кашмирдің оңтүстік бөлігінде толық тұрақтайды. Пәкістан үкіметі БҰҰ 1949 жылы қабылдаған қарарына сәйкес сайлау Кашмирдің екі бөлігінде бірдей өткізілуі тиіс дегенді айтып, аймақтың оңтүстігіне Үндістанның билік етуін заңсыз деп санайды. Үндістан жағы болса сайлау өткізілгенін алға артып, бұл мәселенің шешілгенін, енді шетел іскерлері мен әкімшілігі әкетіліп, іс жүзінде Кашмир мен Жамму штаты Үндістан құрамына іруі керек дегенді айтады.

Аймақтың геосаяси маңыздылығы да жан-жалдың ұзаққа созылуына әсер етіп отыр. Пәкістан мен Үндістан арасындағы теке-тірес екі елдің әлемнің саяси картасында белгіленгеннен бастап, қазіргі кезге дейін жалғасып келеді. Әуел бастан-ақ тәуелсіз мемлекеттердің сыртқы саясатындағы бағыты бір-бірінен қайшы келді. Пәкістан АҚШ-пен одақтасуға ұмтылып, әскери-саяси ұйымдарға мүше болды, ал Үндістан сыртқы саясатында өзіне тән бейтарап ұстанымымен «Қосылмау қозғалысының» көшін бастау арқылы екі жүйемен қатар байланыс орнатуға тырысты. Екі мемлекеттің арасындағы даулы мәселелердің біреулері отар Үндістанды бөлу кезінде пайда болса, екіншілері өзара бақталастықтың нәтижесінде дүниеге келді. Бірақ олардың ішіндегі ең салмақтысы - Кашмир дауы болып қала берді. Көптеген зерттеушілердің жұмысына талдау жасай отырып «Пәкістан идеологиясы» төрт негізгі компоненттен тұратынын көруге болады: Ислам - мемлекеттік дін; Урду - ұлттық тіл; Кашмир - Пәкістанның айрылмас бөлігі; Қуатты армия

- ел тұтастығы мен дамуының кепілі. Екі елдің арасындағы болған әскери қақтығыстардың жартысынан көбі Кашмир маңайында өткен. Үнді-Пәкістан қатынасына ашық бақталастық, ұлттық қарама-қайшылық тән. Батыс Пенджаб элитасының басқаруындағы Пәкістан Үндістаннан үстемдігін арттыруға тырысты, басты қарсыласы ретінде қарады. Бұл екі ел арасындағы бітпес дауға айналған Кашмир мәселесінде анық көрінеді. «Пәкістан» атауының өзі Пенджаб, Кашмир, Синд, Солтүстік батыс шекара провинциясы және Белуджистан провинцияларынан құрылғанын білдіреді. Мұнда «К» әріпі Кашмир дегенді білдіреді. Үндістаннан ықпау Пәкістанның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты факторға айналды.

2. *Пәкістанның Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастығының аймақтық түрі және екі жақты өзара қатынастары*

Пәкістанның Орталық Азия мемлекеттерімен тікелей байланысы орнағаннан кейін, пәкістандық жеке капиталдың қатысуымен іс жүзіне асып отырған сауда-экономикалық ынтымақтастық, өзара қатынастардағы басым бағыттардың біріне айналуға, болашақта мүмкіндігі зор ынтымақтастықтың жаңа түрі пайда болды. Бұл сауда тасымалы үшін Пәкістанның коммуникациялар жүйесін, соның ішінде Карачи портын пайдалану мүмкіндіктері. Бірақ бұл мүмкіндікті пайдалану Ауғанстандағы жағдайын орнығуына байланысты болмақ. Пәкістан дипломатиясының Орталық Азияға қатысты бағытын салыстырмалы түрде талдай келе, ПИР-дің бұл аймаққа деген қызығушылығының сол жалпында екендігін байқаймыз. Ең бастысы Исламабад ОА елдерінің энергетикалық қорларына кіруге мүмкіндік алуға мүдделі және оларды өзінің тауарларын өткізетін нарық ретінде көреді. Сонымен қатар, кейбір жергілікті сарапшылардың пікірінше, ОА елдерімен тығыз байланыстар орнату, Пәкістанға белгілі бір дәрежеде саяси ұпай әкелуі мүмкін, яғни, халықаралық беделін арттыру, аймақтағы табысты деген мәселелер бойынша басқа мемлекеттердің Пәкістанға жақтасуы, бұл әсіресе Кашмир мәселесінде және ПИР-дің Үндістанды БҰҰ ҚК мүшелікке өткізбеудегі саясатын күшейту.

Пәкістанмен сауда-экономикалық қатысы одан әрі дамытуда Орталық Азияның Жаңа Мемлекеттері (ОАЖТМ) қазіргі Пәкістанға бірқатар теріс ішкі саяси факторларды ескеру қажет. Аймақтық әлеуметтік-экономикалық даму ыңғайсыздығы; адам басына шаққандағы және халықтың сауаттылық деңгейінің төмендігі; басқарушы коалиция мен оппозицияның қарама-қарсылығы; әлеуметтік-экономикалық жағдайдың исламға тәуелділігі; билікті күшпен жаулап дайын тұрған Пәкістан әскері басшылығының көзқарасы; макроэкономикалық көрсеткіштердің ауыл шаруашылығы жағдайына жоғары тәуелділігі; сауда және төлем балансының тұрақсыздығы сияқты факторлардың жақын арада өз шешімдерін табатындары күмәнді.

Сонымен қатар айтарлықтай еңбек ресурстары; экономикадағы нарықтық қатынастардың жоғары даму деңгейі; экономиканың әлемдік нарыққа бағытталуы; көптеген халықаралық ұйымдар мен алдыңғы қатарлы шетел мемлекеттерімен белсенді ынтымақтастық тәжірибесі сияқты бірқатар қолайлы факторлар да бар.

Исламабад Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымы (ЭБҰ), Ислам Конференциясы Ұйымы (ИКҰ) және басқа да аймақтық құрылымдар шеңберіндегі белсенді ынтымақтастыққа ұмтылып, оларға саяси кескін беруге ұмтылуда.

ЭБҰ арқылы Пәкістан Кашмир мәселесін шешудегі Орталық Азия мемлекеттері тарапынан қосымша қолдауға ие болып, аймақтағы өзінің позицияларын күшейтуді көздеп отыр. Орталық Азияда аймақтағы елдердің ИКҰ мен ЭБҰ-на қосылудағы Пәкістанның қосқан үлесі ескерілетіні сөзсіз.

Таяу Шығыстағы қақтығысты реттеудегі анти-израильдік көзқарас пен Кашмир мәселесіндегі анти-үндістандық позиция ИКҰ үшін дәстүрлі болып отыр. Иран сияқты Пәкістанда Орта Азиялық мемлекеттерді, оның ішінде Қазақстанды, Ресейдің саяси-экономикалық ықпалынан шығару мен осы елдердегі қоғамның рухани-идеологиялық даму тұжырымдамаларында исламдық бағытты ынталандыру мақсатында ИКҰ-на зор көңіл бөлуде. Бұл мемлекеттер өздерінің ұлттық мүдделерінің ИКҰ-ның басқа мүшелерінің позицияларымен үйлеспейтіндерін негізге алып отыр. Себебі, Орта Азиялық республикалардың барлығы Үндістан және Израильмен екіжақты қарым-қатынас орнатып, оны жан-жақты дамытуда. ОА ЖТМ үшін Ислам Даму Банкі сияқты қаржы-экономикалық ұйымдармен экономикалық ынтымақтастық басымды болып отыр.

Пәкістан саясаткерлері Орта Азиялық мемлекеттерді ЭБҰ жұмыстарына белсенді араластыру тактикасын жүргізе отырып, Орта Азиялық Республикалардың стратегиялық мәселелерін шешуге бағытталған әртүрлі жобаларды ұсынуда. Сонымен бірге Пәкістан өзара тиімді екіжақты ынтымақтастық арқылы аймақтағы елдерді бір-бірілеп оз ықпалына алуға тырысып жатыр. Мұндай саясаттың бүгіннің өзінде айтарлықтай нәтижесі бар. Мәселен, «Түрікменстанның шикізат ресурстарын Ауғанстан арқылы Пәкістанға және ары қарай әлемдік нарықтарға экспорттау идеясы тұңғыш рет 1992 жылдың мамыр айында Ашхабадтағы ЭБҰ мүше елдерінің келіссөздері шеңберінде айтылған болатын» [3,25].

1997 ж. мамыр айында өткен саммит кезінде қабылданған Ашхабад декларациясында төрт ірі мұнай және газ құбырын салу үшін аймақтық консорциумдарды құру жоспарлары туралы айтылды. Олардың ішінде екі мұнай құбыры: Қазақстан-Өзбекстан-Түрікменстан-Ауғанстан-Пәкістан және Орталық Азия-Иран-Парсы шығанағы, сонымен қатар екі газ құбыры: Түрікменстан-Иран-Түркия-Батыс Еуропа және Өзбекстан-

Түрікменстан-Ауғанстан-Пәкістан. Сондай-ақ декларацияда тиісті екіжақты және көпжақты келісімдер арқылы мұнай мен газға бай, бірақ теңізге шығуға мүмкіндігі жоқ елдердің шикізат әлеуеттерін әлемдік нарықтарға (теңіз арқылы) қауіпсіз және тиімді шығу жолы бар ЭБҰ-ның басқа мүше мемлекеттердің көлік мүмкіндіктерімен үйлестіру қажеттілігі айтылды.

Ашхабад саммитінде ерекше айқын көрінген Өзбекстан мен Иран позицияларының қарама-қайшылығы Орта Азия мемлекеттерінің ЭБҰ-дағы қызығушылықтарының төмендеп кеткенін көрсетті. Түркия ЭБҰ-ның күшейіп келе жатқан саяси және идеологиялық сипатын қолдамай отыр. Анкара, өзінің Орталық Азиядағы позициясын күшейтуді көздей отырып, ЭБҰ-ын тек экономикалық орган ретінде қарастыруда. Иран ЭБҰ арқылы өзінің халықаралық оқшаулау жоюға ұмтылып жатыр. Орта Азиялық мемлекеттер де Ұйымның көбіне экономикалық жағына көңіл бөлуде. Жоғарыда аталған себептерге байланысты ЭБҰ-дағы саяси ықпалдастық төмен деңгейде қалып отыр.

Соңғы кезде Пәкістан Ұйымдағы исламдық насихатты едәуір бәсендетіп, ықпалдастықтың экономикалық аспектілеріне бет бұруда. Исламабад ЭБҰ-ын пайдаланып, Түркия және Иран тарапынан өзінің әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын жүзеге асыру мен батыс нарықтарына шығу мақсатында қаржылық көмек тартуға қызығушылық танытып отыр. Пәкістанның Ұйымның Орта Азиялық мүшелеріне қатысты мақсаты - оларды шикізат көзі мен Пәкістандық тауарларды өткізу нарығына айналдыру.

Бүгінгі таңда ЭБҰ шеңберіндегі толыққанды көпжақты сауда-экономикалық және әскери-саяси қатынастарды дамыту перспективалары Оңтүстік Азиядағы саяси күштердің балансына әсер етуге жеткіліксіз. ЭБҰ-ның жұмысы қазіргі кезде тек сөз жүзінде жүргізілуде. Мүше елдердің өнеркәсіп құрылымдары мен экспорт номенклатураларының ұқсастығынан олардың экономикалық өзара толықтырылуы жоқ болып отыр. Ауғанстандағы тұрақсыздық қалыпты көлік-жол қатынастарына едәуір бөгет келтіруде. Пәкістан ЭБҰ арқылы Орталық Азия мемлекеттерін өзінің сыбайластары ретінде Үндістанға қарсы күреске кірістіру мақсатын көздеп отыр. Алайда Пәкістанның бұл жоспарларына Иран мен Түркия қарсылық көрсетуде. Дегенмен, Орталық Азия мемлекеттерінің ЭБҰ жұмыстарына араласуларының тиімді жағы бар екенін ескермеуге болмайды.

Бұл жағдайда Пәкістан территориясы арқылы жаңа құбырларды салу Орталық Азия мемлекеттерінің экспорт мүмкіндіктерін айтарлықтай дәрежеде кеңейтіп, олардың өз энергоресурстарын Оңтүстік Азия мен басқа да әлемдік нарықтарға экспорттауға мүмкіндік берер еді.

Пәкістанның геосаяси жағдайы ОА ЖТМ-нің оған бейкам қарауға жол бермейді, өйткені Пәкістан - теңіз коммуникацияларының ең жақын жолы. Болашақта Иран, Пәкістан және Түркия арасында Орталық Азиядағы ықпал үшін бәсекелестіктің пайда болу ықтималдығын естен шығармаған жөн. Алайда кейбір сарапшылардың айтуынша, олардың ИКҰ мен ЭБҰ шеңберіндегі өз әрекеттерін координациялау мақсатында бірігіп кету мүмкіндіктері мол.

Пәкістан, Орталық Азия мемлекеттері сияқты, аймақтық қауіпсіздік мәселелеріне белсенді араласып отыр. Бұл мемлекеттер өздерінің ұлттық қауіпсіздіктерін аймақтық ауқымдағы мәселелерді есепке алмай қарастыра алмайды. Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздік мүдделері көрші елдердің, олардың ішінде Ауғанстан, Пәкістан және Иранның қауіпсіздік мүдделерімен тығыз байланысты. Бұл өзара тәуелділік Тәжікстан мен Ауғанстанда болған азаматтық соғыстар кезінде айқын керінді. Аймақтық қауіпсіздік жүйесіне кіріп отырған барлық мемлекеттердің экономикалық дамуы көбіне аймақ арқылы өтетін қауіпсіз көлік жолдарын қамтамасыз ету мүмкіндігіне тәуелді. Тәжікстан мен Ауғанстандағы тұрақтылық Өзбекстан мен Пәкістандық Карачи теңіз порты арасындағы көлік жолдарын құру үшін басты шарт болып табылады. Сол сияқты Орталық Азиядан Закавказье арқылы батыс нарықтарына шығу жолдары Кавказ аймағындағы барлық қақтығыстарды шешуді талап етер еді.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Азиядағы Өзара ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңестің (АБСШК) жиналысын шақыру бастамасы Пәкістанда жоғары бағаланды. Бұл жиналысты шақыру бастамасы Қазақстан Президенті тарапынан 1992 ж. қазан айында БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында көтерілгені белгілі. Мұндай ірі сыртқы саяси бастама Қазақстанға халықаралық қауымдастықтың тең құқылы мүшесі болуға мүмкіндік берді. Бұрын сәтсіздікке ұшыраған Азия құрлығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тиімді және әмбебап жүйені құру талпынысын қайта жандандыру аталған ұйымның құрылуының басты мақсаты болып табылады. Әлемнің басқа аймақтарына қарағанда бұл аймақта осындай механизм әлі қалыптаспаған.

АБСШК-ның басқа мемлекетаралық құрылымдардан айырмашылығы сол, ол әртүрлі тіпті қарама-қайшы ішкі және сыртқы саяси мүдделері бар мемлекеттерді біріктіріп отыр (Үндістан мен Пәкістан, Израиль мен Палестина, Израиль мен Иран). АБСШК-ның құрылуы барлық Азия мемлекеттеріне қатысты күрделі қарама-қайшылықтарды шешу және олардың арасындағы келісім мен компромиссті іздестіруге бағытталған. Азия мемлекеттері әлі келісімге жетпеген бірқатар мәселелер бар. Ұйымның тағдыры олардың шешілу шешілмеуімен тығыз байланысты.

АБСШК Азия мемлекеттері арасындағы қатынастардың жаңа жүйесі болып табылады. Онда ұжымдық негізде қауіпсіздік гарантиялары туралы келісімдер жасалып, экономикалық және мәдени қарым-қатынастардың дамуына жағдай туғызылып отыр. АБСШК идеясы бірқатар мемлекеттер (оның ішінде Пәкістанның) мен халықаралық ұйымдар тарапынан бірден қолдау тапты. Пәкістан саясаткерлері бұл бастамада Азия мемлекеттерінің болашақтағы қауіпсіздігіне жету жолын көріп отыр. Олардың пікірінше,

ірі державалар (АҚШ, Ресей және Үндістан) аймақтағы елдердің қандай да бір интеграциясына жол бермей, олардың экономикалық даму үрдісін бәсеңдетуге тырысуда.

Пәкістанның Азия құрлығы мен ислам әлеміндегі жоғары беделге ие болу себебінен Қазақстан үшін Пәкістанның АБСШК процестеріне араласуы маңызды болып отыр. Пәкістан - зор саяси ықпалы, экономикалық мүмкіндіктері және адам ресурстары бар ірі мемлекет.

Өз кезегінде, Пәкістанның АБСШК-ға қатысуының бірқатар маңызды себептері бар.

Біріншіден, Қазақстанның бұл бастамасы ресми Исламабад тарапынан Кашмир мәселесін шешудегі қосымша ықпал құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Пәкістан бұл мәселені халықаралық деңгейге шығару арқылы оған қосымша назар тартуға қызығушылық танытып отыр.

Екіншіден, соңғы жиырма жыл ішінде Ауған мәселесі Пәкістан үшін көкейкесті мәселе болып табылады. Оны «Талибан» құру арқылы шешу талпынысы нәтижесіз қалды. Ауған бағытындағы өз мүдделерін үстем ету мақсатында АБСШК Пәкістан үшін пайдалы болуы мүмкін.

Үшіншіден, аймақтағы, әсіресе Пәкістанның Үндістан және Иранмен қарым-қатынасындағы сенім мен қауіпсіздіктің жеткіліксіз болу жағдайында, АБСШК тиімді әсер етуі мүмкін.

Пәкістан елінің тұрақты түрде Азиядағы Өзара Ықпалдастық пен Сенім Шаралары жөніндегі Кеңестің іс жүзінде өзінің құндылығын дәлелдей білген халықаралық қатынастардың аса маңызды қағидаларын ескеретін құжаттарын дайындауға қатысуға тұрақты ниеттеніп келе жатқандығын айта кету қажет. Бұл ел осы Кеңестің негізін қалайтын қағидалар мен құжаттарды жоғарғы деңгейде дайындаумен айналысатын елдерден тұратын халықаралық топқа кіреді. 1999 жылы 14 қыркүйекте Пәкістан Ислам Республикасының сыртқы істер министрі С. Азиз Алматы қаласында өткен сыртқы істер министрлігі басшыларының кеңесіне қатысты. Осы кеңесте Азиядағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік механизмін қалыптастыру бастамасын ілгерілету ісінде маңызды кезең болған мүше мемлекеттердің арасындағы қатынастарды реттейтін қағидалар Декларациясы қабылданды. Бұл құжат халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі негізгі мәселелерді қамтиды; қатысушы мемлекеттердің егемендігін құрметтеу, аумақтық тұтастықты сақтау, бір-бірінің ішкі ісіне араласпау, дау-дамайларды бейбіт жолмен реттеу, күш қолданудан бас тарту, қарусыздану және қаруларды башу, әлеуметтік, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық, БҰҰ және халықаралық хұқық қағидаларына сай адам хұқын құрметтеу. Осы Декларация Азиядағы қауіпсіздік жүйесінің заңдық негізін қалап, Қазақстандық бастаманың іске асатындығының дәлелі бола білді.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасының АБСШК бастамасын ілгерілету ісінде өзара белсенділігі бой көрсетіп келеді. Осы орайда Қазақстан ғалымдары К.Н. Бурханов пен Г.Р. Дадабаевалардың 2000 жылы қарашада Пешевар қаласында өткен «Ресей, Пәкістан, Орталық Азия елдері және ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың АБСШК бастамасы аясындағы аумақтық қауіпсіздік мәселелері» деген тақырыпта жасаған баяндамалары семинарға қатысушылардың үлкен қызығушылығын туғызды.

2001 жылдың 20 ақпанында ҚР сыртқы істер министрі Е.А. Ыдырысовтың Исламабадқа сапары болды. Министрдің сапарының арнайы мақсаты Президент Н.Ә. Назарбаевтың Пәкістан елбасына жылы күзде Алматыда өтетін Азиядағы Өзара Ықпалдастық пен Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АБСШК) саммитіне шақыру-үндеуін тапсыру билік. Е.А. Ыдырысовты Пәкістанның атқарушы билік басшысы ПИР генералы П. Мушарраф қабылдады, сондай-ақ Пәкістанның сыртқы істер министрі А. Саггармен де кездесті.

2001 жылдың мамыр айының 21-22 жұлдызында Исламабадта Азиядағы Өзара Ықпалдастық пен Сенім Шаралары жөніндегі Кеңесті өткізуге байланысты Қазақстан-Пәкістан екіжақты кеңесулер өтті. Түпкілікті құжаттың жобасын жанжақты талқылаудың нәтижесінде АБСШК қатысушы мемлекеттердің ұстанымдарын ескере отырып, ортақ мәмілеге келер шешімдер мүмкіндігі келісілді. Тараптар Азиядағы тұрақтылықты, қауіпсіздікті және бейбітшілікті қамтамасыз етудегі жұмыс істейтін механизмді қалыптастыру ісімен байланысты мәселелерді шешу барысында эволюциялық қадамның маңыздылығын дәлелдеді.

2001 жылдың қыркүйек айында Алматы қаласында өткен АБСШК-ның жоғары лауазымды өкілдері (ЖЛӨ) жиналысында түйіндейтін құжат - Алматы Акті бойынша жұмыс аяқталды. 2002 жылы 8-9 мамырда өткен ЖЛӨ жиналысында АБСШК лаңкестікті жою және өркениеттер диалогын дамытуға байланысты Декларацияның жобасы талқыланды. Жұмыс барысында тараптар арасында лаңкестік пен БҰҰ Жарғысына сәйкес халықтардың өзін-өзі басқаруға және де шетелдік оккупациядан азат ету жолындағы заңды күресі сияқты ұғымдарды анықтауға келгенде ортақ келісімнің жоқ екендігі де байқалды.

Осы құжатты ақырғы пысықтау мақсатында Алматы қаласында 2-маусым 2002 жылы ЖЛӨ қорытынды жиналысы болып өтті. Аталған екі құжат - Алматы Ақты мен Лаңкестікті жою мен Өркениеттер Диалогын дамыту Декларациясы 3-5 маусым 2002 жылы Алматыда өткен АБСШК лидерлерінің саммитінде қабылданды. «Алматы Акті» - қақтығыстарды болдырмай, алдын алу ісіне көмек ету үшін қабылданды. Онда ядролық қаруды тараптау жөнінде ұстаным бар. Осылайша, жақын болашақта жаңа аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудың негізі қаланды. «Лаңкестікті жою және Өркениеттер диалогы Декларациясы»-ның [4, 7] басты қағидасы барлық қақтығыстар мен қарамақайшылықтар келіссөздер арқылы шешілу керектігінде.

Осы құжаттарды қабылдау ісі Еуразия құрлығының Азия бөлігінде бейбітшілікке, тұрақтылыққа және

дамуға қол жеткізу жолында істелген үлкен шара болды. Қазақстан сарапшыларының пікірінше, АБСШК диалог жүргізетін форум ғана болып, мүше мемлекеттерге ешқандай ауыр міндеттемелер жүктемесе де Азия мемлекеттері арасында сенімді қарым-қатынас орнататын жақсы платформа ретінде қызмет көрсетеді. Ортақ мүдделері мен қатар, қақтығыс ошақтары бар Азия мемлекеттерінің басшыларын бір стол басына жинаған кездесудің өзі үлкен жетістік болып саналады.

Орталық Азия мемлекеттерінің бірқатары мүше болған болашағы зор аймақтық ұйымдардың бірі Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ). ШЫҰ мына мемлекеттер мүше: Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан, ал 2001 жылдың маусым айында осы ұйымға Өзбекстанның мүше болуы ШЫҰ мүше мемлекеттердің барлығының мүддесінен шығатын аймақтағы жаңа саяси құрылым қалыптастыру процесін аяқтады.

Бұл ұйым алғашында шекаралық мәселелерді реттеу үшін құрылып, біртіндеп көпжақты қарым-қатынастың әртүрлі саласын қамтитын аймақтық құрылымға айналды. Экономикалық ынтымақтастықтың артықшылығы бар іс шаралардың қатарында Орталық Азияны Қара теңіз және Қиыр Шығыстағы порттармен жалғайтын көлік қатынасы саласында қазіргі бар жолдарды жаңарту мен қатар жаңа жолдар салу бар. ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық қарым-қатынастың белсенділік деңгейін соңғы екі жыл ішіндегі мемлекеттер арасындағы сауда көлемі 30% өскендігі дәлелдейді. Сондай-ақ, ынтымақтастықтың шеңберіне экология саласындағы өзара іс-қимылдарды белсенділендіру, трансшекаралық өзендер мәселесін шешу, миграция, диаспоралардың өмірі, экстремизм, лаңкестік, есірткі бизнесі және қару-жарак контрабандасымен бірлесе күресу.

2002 жылдың 7 маусымында Санкт-Петербург қаласында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше елдердің басшылары бірнеше маңызды құжаттарға қол қойды - ШЫҰ Хартиясы, Аймақтық Антитеррористік Құрылым жөніндегі Келісім Шарт және ұйымға мүше мемлекеттер басшыларының Декларациясы. Қол қойылған құжаттар ұйымның жұмысын реттестіреді, мүше мемлекеттердің өзара және басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын реттейді. Ұлттық саясаттанушыларымыздың пікірінше, мүше елдердің өмірлік маңызы бар мүдделерінің ұқсастығы, саяси ерік пен ынтымақтасуға деген күштарлық, әртүрлі деңгейде тұрақты кездесулер өткізіп тұру және батыл шешімдер қабылдауға дайын болу осы қоғамдастықтың ары қарайғы табыстарының кепілі бола алады. ШЫҰ болашағы бар екендігі жөнінде бұл ұйымға мүше болуға тиісті өтініш тапсырған Пәкістан мен қатар Үндістан, Иран, Монғолия сияқты басқа мемлекеттердің артып бара жатқан құлшынысынан да байқауға болады.

Біздің ойымызша, Пәкістанның ШЫҰ қатысуының себептері мынадай:

Біріншіден, тарихи себептермен Ауғанстандағы жағдайды реттеу мен тұрақтандыру мәселесінде аса маңызды роль ойнайтын мемлекеттердің бірі болып табылады.

Екіншіден, Пәкістан бірінші кезекте экономикалық ынтымақтастықты дамыту мен жаңа көлік қатынасы жолдарын салу мәселелерін шешуді көздейді, мұндай мәселенің шешілуі Пәкістанға өз өнімін сататын рыноктарға шығуға қосымша мүмкіндіктер берер еді.

Үшіншіден, Пәкістан экономикасын тығырықтан шығару мақсатында ШЫҰ мүше ірі мемлекеттер Қытай мен Ресейдің қосымша инвестициялық және өндірістік мүмкіндіктерін тарту қажет болып отыр.

Төртіншіден, Кашмир мәселесін шешуде Пәкістан тарапынан әскери-саяси ресурстарды қолдану мүдделілігінің бар екенін де естен шығармаған жөн. Алайда ШЫҰ Пәкістанды қосып, Үндістанды қабылдамау бұл елмен және басқа да мемлекеттермен ара-қатынасымыздың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін.

Пәкістан елінің ресми өкілдерінің ШЫҰ мүше болу керектігін дәлелдейтін аргументтері - Пәкістанның осы аймақтық ұйымға кіретін барлық мемлекеттермен шекаралас болуы, сондай-ақ Пәкістан халықаралық лаңкестіктен зардап шеккен елдер қатарына жатады.

Пәкістан ШЫҰ қабылданса, осы ұйымға мүше елдермен арадағы ынтымақтастық келешекте өзара сенімді қарым-қатынастарды дамытуға үлес қосып, тек сауда-экономикалық қатынастарды белсенділендіріп қана қоймай, Орталық Азиядағы қауіпсіздікті нығайта түсетіндігінде күмән жоқ.

Пәкістанның Орталық Азия елдерімен бүгінгі күнгі қарым-қатынас деңгейін сараптай келе ПИР сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметі ертеректе жария етілген межелерден едәуір артта қалып келе жатқандығын көрсетеді. Пәкістанның Орталық Азиядағы белсенділігі осы аймақтағы мемлекеттердің «қуып жетуші» кейпінде ғана қалып келе жатқандығын көреміз, мұның себебі аймақтағы елдердің Батысқа бет бұруының басым болуы мен қатар осы аймақтағы республикалардың экономикасына инвестиция салатын әлем алпауыттарымен Пәкістанның бәсекелесе алмауы. Мәселелердің осылайша дамуы Исламабадты Орталық Азиядағы саясатын қайта қарауға мәжбүр етеді. Атап айтар болсақ, Пәкістанның прагматикалық саясатында байланыстарды дамыту кезінде саяси, сауда-экономикалық және мәдени салаларды қамтып, елдің мемлекеттік мүдделерін қорғауына бағытталған. Сонымен қатар, көптеген Пәкістандық саясаттанушылар елдегі Ислам фундаменталистерінің белсенділігі Ислам дінінің саясатта емес халықтың рухани өмірінде жандануын қалайтын Орталық Азия елдері басшыларын Пәкістанмен қарым-қатынас жасаудан үрейлендіруі мүмкін деген қауіп бар екендігін айтуда.

Жалпылай алғанда Пәкістанның Орталық Азия елдерімен саяси, сауда-экономикалық салалардағы әртүрлі қарым-қатынасы объективті себептермен жоғары деңгейге кетеріле алмай келеді. Осылайша Исламабад жақын арада Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықтың жаңа формалары мен жаңа салаларын

ұсына отырып өзінің ОА аймағындағы ролін күшейтуге дайындығын көрсетіп отыр, бұл өз кезегінде ПИР сыртқы саясатында Орталық Азия бағытының артықшылығы бар екендігі туралы тұжырым жасауға негіз береді. Экономикадағы дағдарыс және Пәкістанның сыртқы елдерге энергетикалық тәуелділігі ПИР басшылығын тауарларды сататын жаңа рыноктар іздеуге, қосымша көлік қатынасы жолдарын іздеуге, ПИР қуат көздерін ОА республикаларынан және ЭБҰ басқа да елдерінен тарту немесе сол елдердің аумағы арқылы тасымалдау жобаларын жүзеге асыруды мәжбүр етіп отыр.

Осыны жүзеге асыру үшін екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты дамытуға барлық алғышарттар жасалған. Орталық Азия елдерінде көлік қатынасы желілері мен мұнай құбырларын тарту жобаларын дамыту және олардың Үнді мұхит порттарына және де ең бастысы Пәкістанның Карачи қаласына жетуі ПИР Орталық Азиядағы жаңа тәуелсіз мемлекеттермен қарым-қатынастарды дамытуға септігін тигізеді. Бұған қоса «...ОА елдері басшыларының ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі» [5; 96] екендігін жасырмайтындығы» мәселеге қосымша әсер бере түседі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Энциклопедия Пакистана. Под ред. Ю.В. Ганковского. -Москва: Наука, 1999. -370 с.
2. Индия: достижения и проблемы. Материалы научной конференции. – М.: ИВ РАН. 2002 107. «Индия: страна и ее регионы», отв. ред. Е.Ю.Ванина. –М., 2000.
3. Москаленко В.Н., Шаумян Т.Л. Южная Азия в Мировой политике. –М.: Международные-отношения, 2003. – 178 с.
4. Лаумулин М., Калиева Д. СВМДА: итоги и перспективы. «Казахстанская правда». 11 июня 2002 г. Выпуск 15 //http://www.fp.ru/bulletin.
5. Пахомов Е. Кашмир нынче дорог. Азия. Противостояние Ежедневный журнал.- 18.01.2001.- №002 //http://supernew.ej.ru

Редакцияға 10.03.2011 қабылданды.

С. М. ЛИСНЯК

#### РОЛЬ ФРГ В ВОПРОСЕ ИНТЕГРАЦИИ ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА

*This article examines the role of Germany in the process of integration of the European Union, as well as the continuity of the European integration process and strengthening the power of a united Germany within the European Union. In addition, an analysis of policies of Germany from the inception of the Common Market until the formation of the European Union, as well as exploring contemporary trends in German government policy towards the EU.*

Исследованию интеграционных процессов, олицетворяющих особый тип взаимоотношений между суверенными государствами, посвящено немало трудов ученых и специалистов в области не только международных отношений, но и международной экономики и международного права. Не стал исключением и европейский региональный интеграционный процесс, который впоследствии стал отправной точкой в процессе появления множества разнообразных интеграционных союзов во всем мире.

История XX века, на протяжении которого европейская интеграция стала реальностью, высветила два фундаментальных отличия развернувшихся в Европе процессов объединения от прежних представлений о их возможном характере. Постепенно стало очевидным, что европейские страны, имеющие долгую историю национальной государственности, не склонны к федеративному устройству континента, о котором говорили многие гуманисты прошлого - от доминиканского монаха Пьера Дюбуа в XIV столетии до Пьера-Жозефа Прудона в XIX-м, - как не спешат они и отказываться от своих национальных особенностей ради превращения в единую общность, о чем много говорили в начале XX века. Именно поэтому важнейшие вехи раннего периода интеграции - от не оставившего заметных следов Европейского торгового и таможенного союза 1926 года до Европейского объединения угля и стали 1951 года и Европейского экономического сообщества 1957 года - относятся к экономической сфере, тогда как в политической области даже в самые драматичные моменты не удавалось достичь впечатляющего прорыва (достаточно вспомнить отказ французской Национальной ассамблеи ратифицировать договор о создании Соглашение о Европейской безопасности в 1954 году)[1]. Таким образом, хозяйственная интеграция на протяжении ряда послевоенных десятилетий определяла все развитие общеевропейского проекта.

Закономерности, выявившиеся уже на первых этапах европейской интеграции, представляются нам чрезвычайно важными, так как именно они могут дать ключ к пониманию того, с какими трудностями этот процесс сталкивается сегодня и какие проблемы могут оказаться наиболее сложными в ближайшем будущем. Однако, прежде чем обратиться к этим закономерностям, следует возможно более четко определить фундаментальную основу, причины, движущие силы и характер процесса европейской интеграции в 50-80-е годы.

Фундаментальной основой европейской интеграции, несомненно, были и остаются социокультурная близость европейских народов и общность их исторических судеб. Со времен средневековья Европа представляла собой культурное целое, объединявшееся христианской религией, привычным для образованных классов латинским языком, развитой торговлей и даже, как напоминают некоторые авторы, прецедентами единой военной политики - например, во времена крестовых походов. Позднее Европа явилась народам других континентов как единый центр, откуда по миру распространились характерные для эпохи Просвещения идеалы гражданского общества и личной свободы, принципы государственного демократического устройства и уважения прав человека. В своем уникальном качестве создателя завоевавших общемировое признание новых ценностей и смыслов Европа стала подлинным творцом Истории, с этой точки зрения она предстала перед человечеством как нечто целое и, тем самым, получала дополнительные стимулы к внутреннему единству.

Однако все эти обстоятельства, способствовавшие европейской интеграции, не были ее актуальными причинами. Причины же активизации процессов объединения, начавшихся сразу по окончании Второй мировой войны, носили не столько культурный, сколько сугубо политический характер. Первой из них стало осознание катастрофичности результатов двух войн, прокатившихся по Европе на протяжении жизни одного поколения, и вывод о несовместимости перспектив возрождения Европы и нового военного конфликта между Германией и другими странами континента; как писал У.Черчилль, «цель прекращения тысячелетней вражды между Францией и Германией представляется мне главной задачей; только привязав галлов и тевтонов друг к другу в экономическом, социальном и нравственном отношениях столь прочно, чтобы исключить возникновение новой стычки, и заставив прошлые антагонизмы замолкнуть во взаимной зависимости и процветании, Европа сможет подняться с колен»[2]. Второй, не менее существенной причиной стало беспрецедентное ослабление позиций европейских стран на мировой арене; одним из основных импульсов к объединению Европы послужило признание слабости по отношению к внешнему миру. Когда Европа почувствовала угрозу извне, необходимость европейского единения стала очевидной. Тем самым следует со всей определенностью признать, что, в отличие от фундаментальных основ европейской интеграции, имевших в значительной степени социокультурную природу, ее непосредственные причины целиком и полностью лежали в политической плоскости. Более того, нельзя не отметить, что эти политические цели вряд ли могли быть решены политическими методами, серьезно дискредитировавшими себя в предшествующие годы; именно поэтому первыми шагами на пути интеграции стали шаги, сделанные в экономической сфере.

Они были предприняты правительствами и политическими элитами европейских стран, которые и выступили движущими силами интеграционных процессов в первые послевоенные десятилетия. Практически на любом своем этапе европейская интеграция получала очередные импульсы из реакции политиков на те или иные явления и тенденции: стремясь к хозяйственному восстановлению своих стран и активизации экономических связей между ними, лидеры Франции, Германии, Италии и стран Бенилюкса подписали в Риме 25 мая 1957 года Договор об образовании Европейского экономического сообщества; руководствуясь представлениями об интересах Франции, президент Ш. де Голль 14 января 1963 года наложил вето на вступление Британии в ЕЭС; на фоне первого расширения Европейского экономического сообщества в октябре 1972 года была принята Парижская декларация, в которой в качестве основного ориентира провозглашалось создание Европейского Союза, эта цель была подтверждена в Фонтенбло 25-26 июня 1984 года; в 1992 году руководителями стран ЕЭС был подписан Маастрихтский договор, ратификация которого продемонстрировала весьма прохладное отношение многих европейцев к предложенным в нем принципам и целям и, наконец, в обстановке, далекой от единодушия, в странах ЕС была создана единая общеевропейская валюта, введенная сначала в безналичный (в 1999 году), а затем и в наличный оборот (в 2002 году). Отнюдь не подвергая сомнению правильность предложенного правительствами подхода к европейской интеграции как к процессу, инициированному и направляемому «сверху», необходимо бы подчеркнуть, что он неизбежно оказывался весьма уязвимым в случае утраты такой политической поддержки, а подобная возможность становилась все более реальной по мере того как интеграция начинала угрожать суверенным правам национальных политических элит. Между тем, при доминировании политических методов интеграции ее задачи оставались до поры до времени сугубо экономическими. Создание Европейского объединения угля и стали в 1951 г., Европейского экономического сообщества в 1957-м, расширения ЕЭС в 1973, 1981 и 1986 гг., Единый Европейский акт 1986 г. - все эти успешно реализованные проекты прежде всего служили превращению Европы в единый хозяйственный организм, устранили искусственные барьеры на пути движения товаров, капиталов и рабочей силы, расширяли европейский рынок, делали европейскую экономику более конкурентоспособной. Однако хотя экономическое единство континента и создавало предпосылки к политической интеграции, само по себе оно не формировало (да и не могло формировать) ни единой государственности, ни четкой европейской самобытности, способной отчасти включить в себя, отчасти преодолеть самоидентификацию европейцев с отдельными национальными государствами.

Сегодня, с позиций ретроспективы, можно утверждать, что процесс европейской интеграции, на всех его этапах имевший целью, пусть формальной и не вполне четко артикулированной, построение единой